**Мектепке дейінгі мекеме мен сол мекемеде тәрбиеленуші баланың ата-анасымен келісім-шарт (қосымша 2) № 37**

Жосалы кенті 25 08 2024 жыл

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Bal-Aiym» бөбекжай - бақшасы" меңгерушісі: Ә Ергашова бір жағынан, және бөбекжай - бақшада тәрбиеленуші Ерболатқызы Асылым

ата-анасы Қалжатава Индира екінші жағынан төмендегіше шарт жасасты:

## 1.Бөбекжай - бақша міндеттері:

1.1.Баланы құжаттарына сәйкес топқа қабылдауға;

1.2.Бала өмірін сақтауға,денсаулығын нығайтуға;

- оның интеллектуалды және жеке дамуына,
- творчестволық икемділігі мен қызығушылығын дамытуға,
- әр баланың даму ерекшелігіне қарай жеке көңіл бөлуге,

1.3.Балаға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ҚР Мемлекеттік стандарты бойынша тәрбие беруге,

1.4.Балаға қосымша білім беретін қызметтер ұсынуға (би, сурет салу,ән айту,т.б.)

1.5.Баланың қалыпты өсуі мен дамуына қажетті 3 мезгіл тамақпен қамтамасыз етуге;

1.6.Баланың бөбекжай – бақшада болу уақытының кестесін құруға;

1.7.Баланың сырқаттанып қалуына немесе ата- анасының еңбек демалысы кезінде арызына,анықтамасына сәйкес 30 күнге дейін орнын сақтауға;

1.8. Осы келісім-шартты сақтауға міндетті.

## 2.Ата-ананың міндеттері:

2.1.Бөбекжай-бақша жарғысын,келісім-шартты сақтауға;

2.2.Ай сайын, әр айдың 5-жұлдызына дейін сол ай үшін **7000** теңге жарнапұл төлеуге;

2.3.Баланы тәрбиешіге жеке әкеліп тапсыруға және жеке алып кетуге;

2.4.Баланы бөбекжай - бақшаға таза киім,таза аяқ киіммен таза етіп әкелуге;

2.5.Баланың бөбекжай - бақшаға келмейтіні туралы алдын-ала тәрбиешіге хабарлауға;

2.6.Бала тәрбиесіне қатысты барлық мәселелерді тәрбиешімен бірлесіп шешуге;

2.7.Қажетті жағдайда бөбекжай - бақшаға екі жақты келісім бойынша көмек көрсетуге,(топ безендіруге,түрлі сайыстар өткізу,т.б.)міндетті.

## 3.Бөбекжай -бақша құқықтары:

3.1.Дәрігердің анықтамасына сәйкес,бала денсаулығы бөбекжай - бақшада болуға кедергі келтіретіндей болса, баланы бөбекжай - бақшадан шығаруға;

3.2.Ата-анаға (өтініші бойынша ) жарнапұл төлеу уақытын созуға;

3.3.Баланың отбасындағы тәрбиесіне өз ұсыныстарын кіргізуге;

3.4.Осы келісім-шарттың ата-ана тарапынан орындалмаған міндеттері болса, ата-ананы ескертіп тұруға құқылы.

## 4.Ата-ананың құқықтары:

4.1 Бөбекжай-бақша жұмыстарының жақсаруы мен көркеюіне өз ұсыныстарын қосуға;

4.2. Бөбекжай-бақша шарттарына сәйкес,баламен жұмыс істеуіне тәрбиеші-педагогты таңдауға;

4.3.Баланы бөбекжай-бақшаға үйретуге,қалыптастыру кезінде баламен бірге болуға;

4.4.Ата-ана жарнапұлын төлеу мерзіміне қосымша уақыт сұрауға;

4.5. Бөбекжай-бақша жарғысы мен осы келісім-шарттың шарттарының орындалуын талап етуге;

4.6. Бөбекжай-бақша меңгерушісі мен тәрбиешісінің топтағы балалармен жүргізген жұмыстары жайлы есебін тыңдауға;

4.7.Осы келісім-шартты бөбекжай-бақшаға алдын-ала хабардар ете отырып бұзуға құқылы.

5. Келісім-шарт бала осы бөбекжай-бақшаға келген күннен бастап күшіне енеді, екі жақтың келісімдеріне сәйкес ұзартуға, өзгертуге, толықтыруға болады.

6.Толықтырулар мен өзгертулер келісім-шартқа қосымша ретінде енгізіледі.

7.Екі жақты келісім-шарттағы міндеттемелердің орындалмауын тараптар жауапкершілігіне алады.

8.Келісім-шарттың мерзімі – 1 жыл.

9.Келісім-шарт екі дана жасалады,біреуі бөбекжай - бақшадағы баланың жеке құжатының ішінде, екіншісі ата-анада сақталады.

## Қол қоюшылар:

«Bal-Aiym» бөбекжай-бақшасы жеке мекемесі
Жосалы кенті, Рүстембеков №63 үй
меңгерушісі:
Ә. Ергашова
«25» 08 2024 ж

Ата-ана:
Қалжатава Индира
Жұмыс орны: жұмыссыз
Телефоны:

ЖШС/ТОО Bal-Aiym бөбекжай-бақшасы ясли-сад